

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 207 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.10.2020 № 644 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, 44-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 177 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақтөбе облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Алматы облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Атырау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Жамбыл облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қарағанды облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қостанай облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен

қауіпсіздігін бақылау комитеті Қызылорда облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Маңғыстау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Нұр-Сұлтан қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Павлодар облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Түркістан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрық қабылданған күннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде:

1) электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

Е. Біртанов

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 8 мамырдағы
№ 207 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бақылау, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау салаларында басшылықты, Комитеттің құзыретінің шегінде реттеуші, іске асыру және

бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Комитетке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 10-кіреберіс.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Комитетке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау мәселелері бойынша реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру саласында мемлекеттік басқаруды іске асыру;

3) реттелетін саладағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді өз құзыретінің шегінде жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) өз құзыретінің шегінде реттелетін саладағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша ұсыныстар дайындау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау;

3) жобаларды мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптауға қатысу және жүргізу, оның нәтижелері бойынша, сондай-ақ тексеру және (немесе) профилактикалық бақылау нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

4) өз құзыретінің шегінде лицензиаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) реттелетін салада мемлекеттік қызметтерді көрсету, үйлестіру, мониторингтеу, рұқсат беру құжаттарын беру, олардың қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан айыру (кері қайтару);

6) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың тіркеу куәліктерінің қолданысын тоқтата тұру жолымен дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың медициналық қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар сериясының (топтамасының) медициналық қолданылуына тыйым салу және айналыстан алып тастау немесе медициналық қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау;

7) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттанушылығы дәрежесін айқындау бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

8) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын және олардың орынбасарларын, ұйымдардың басшыларын, олардың орынбасарларын, сондай-ақ филиалдарының басшыларын аттестаттаудан өткізу;

9) заңнамаға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

10) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

11) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық қызметтерді көрсету саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі заттардың, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) халықаралық және шетелдік фармакопея стандарттарын, сондай-ақ шет мемлекеттердің дәрілік заттарға, медициналық бұйымдарға арналған стандарттау бойынша фармакопея мақалаларын (монографиялар) және басқа да құжаттарын тану;

13) дәстүрлі медицина, халық медицинасы (емшілік) қызметтерін көрсету субъектілерінің қызметін бақылау;

14) медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына сыртқы сараптама жүргізу ;

15) өз құзыретінің шегінде мониторингті жүзеге асыру;

16) фармакологиялық және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға клиникалық зерттеулер жүргізу құқығына медициналық ұйымдарды аккредиттеу;

17) биологиялық активті заттарға, медициналық бұйымдарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу құқығына сынақ зертханаларын аккредиттеу;

18) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау бойынша монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеу;

19) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асыру;

20) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

21) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

22) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді, шаруашылық немесе өзге де қызметтің және халық тұрмысының ерекше шарттарын енгізу;

23) "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру рәсімдерін лицензиялауды жүзеге асыру және хабарламаларды қабылдау;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

25) адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

26) тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

27) республиканың аумағын инфекциялық, паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

28) өз құзыреті шегінде зерттеулер мен сынақтар жүргізуді ұйымдастыру;

29) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу, ақпараттық-ағарту жұмысы және халыққа консультациялық көмек көрсету бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;

30) тиісті аумаққа инфекциялық, паразиттік аурулардың, сондай-ақ адамның денсаулығы үшін әлеуетті қауіпті заттар мен өнімдердің әкелінуі мен таралуын болдырмау мақсатында автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-эпидемияға қарсы (санитариялық-профилактикалық) іс-шараларды, халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіретін жолаушыларды, экипаждарды, пойыз бригадаларын, көлік құралдарын, жүктерді санитариялық-карантиндік бақылауды ұйымдастыру және өткізу;

31) йод тапшылығы ауруларының профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

32) инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру;

33) тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

34) жолаушыларды, тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауызсуды, радиоактивті, қауіпті, химиялық және уытты заттарды тасымалдау үшін қолданылатын көлік құралдарын, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау шарттарын тексеруді жүргізу;

35) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, үйлестіру және жүзеге асыру;

36) санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда денсаулық сақтау, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы мәселелері бойынша халықаралық ұйымдарда және бірлестіктерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

37) тағамға биологиялық активті қоспалардың қауіпсіздігін ғылыми негізделген растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

38) реттелетін салада Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, мемлекеттік органдар қабылдаған актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

39) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдарды беру;

40) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды тұлғаларды, заңды тұлғалардың заңды өкілдерін шақыру;

41) балалар тағамы өнімдерін, тағамдық және тағамға биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

42) инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуының әлеуетті көздері болып табылатын, сондай-ақ инфекциялық аурумен ауыратын науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарды зертханалық тексеру нәтижелерін алғанға дейін жұмыстан шеттете отырып, оларды медициналық зерттеп қарауға жіберу;

43) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды көрсетілімдері бойынша емделуге жатқызуға жіберу;

44) аурудан таза немесе аурудың таралу деңгейі төмен аумақты немесе оның бөлігін айқындау;

45) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттелетін салада тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында бақылауды жүзеге асыру;

46) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында радиациялық бақылауды жүзеге асыру;

47) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, халықтың декреттелген топтарына жататын, сондай-ақ міндетті медициналық қарап тексеруден уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан уақытша шеттету туралы қаулы қабылдау;

48) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді бұзушылықтар жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе реконструкцияланып жатқан объектілерді пайдалануды тоқтата тұру;

49) халықты міндетті түрде вакцинациялауды, үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

50) санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемін белгілеу және өзгерту;

51) реттелетін саладағы, бюджетті, бухгалтерлік есепті және мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және орындау мәселелері бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

52) Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу;

53) егер осы іс-шаралар Қазақстан Республикасының аумағындағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығының тиісті деңгейін қамтамасыз ететін болса, басқа елдердің санитариялық-эпидемияға қарсы (санитариялық-профилактикалық) іс-шараларын балама деп тану;

54) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, қарау;

55) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуына тергеп-тексеру жүргізу;

56) шекті бағаны және үстеме бағаны қалыптастыру;

57) құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және келісуге қатысу;

58) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

59) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік пункттер құру;

60) санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бере отырып, тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін келісу;

61) құзыретінің шегінде мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

62) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

63) Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдарды мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету бойынша уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

64) реттелетін саладағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіру;

65) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы актілерді қабылдау;

66) өз құзыретінің шегінде тамақтан уланулар, инфекциялық, паразиттік және басқа да аурулар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

67) денсаулық сақтау субъектілеріне аккредиттеу жүргізу құқығына ұйымды аккредиттеу;

68) реттелетін саладағы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастыру;

69) заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпарат сұрату және алу;

2) жеке және заңды тұлғалар Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

3) реттелетін салада аумақтық бөлімшелерге және ведомстволық бағынысты ұйымдарға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

5) өз құзыретінің шегінде консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын (жұмыс топтарын) құру;

6) бюджеттен қаржыландырылатын, Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін қызметтің басым бағыттарын айқындау;

7) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

9) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

11) реттелетін салада Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, мемлекеттік органдар қабылдаған актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетке басшылықты басшы жүзеге асырады, ол Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Комитеттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет басшысының өкілеттіктері:

1) заңнамаға сәйкес лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады: еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерден басқа, Комитет қызметкерлерін;

Министрлікпен келісім бойынша Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының бірінші басшыларын;

Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларының орынбасарларын;

2) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерден басқа, заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін, Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларын іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

3) Комитет қызметкерлерінің және Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларының лауазымдық міндеттерін бекітеді;

4) Комитеттің құрылымдық, аудандық және қалалық аумақтық бөлімшелерінің ережелерін, сондай-ақ "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

5) мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, Комитетке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың ережелерін (жарғыларын) бекітеді, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

6) Комитеттің жұмыс регламентін бекітеді;

7) Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен аумақтық бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

8) өз құзыретінің шегінде Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

9) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;

11) Комитет басшысы орынбасарларының лауазымына тағайындау үшін кандидатураларды ұсынады;

12) Комитеттің атынан Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттарға қол қояды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген, мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттің қарамағындағы ұйымдар тізбесі

1. Комитеттің аумақтық бөлімшелері

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Есіл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Жарқайың аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

15. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Көкшетау қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Қорғалжын аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

17. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола

40. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Алматы қаласы Жетісу ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

56. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Алматы

71. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Атырау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін

182. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Павлодар облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Ақсу қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

184. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Павлодар облысының Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Баянауыл аудандық Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

186. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Павлодар облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Ертіс аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

187. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Павлодар облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Железин аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

188. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Павлодар

қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Шымкент қаласы Қаратау ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

2. Комитеттің қарамағындағы обаға қарсы күрес станциялары – республикалық мемлекеттік мекемелері

Ескерту. 2-тарау алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.01.2020 № 43 бұйрығымен.

3. Комитеттің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 8 мамырдағы
№ 207 бұйрығына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін

қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау салаларында басшылықты жүзеге асыратын, құзыретінің шегінде облыс аумағында реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, Департаменттің мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Кенесары көшесі, 14-А.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақмола облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау мәселелері бойынша реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) тиісті аумақта реттелетін саладағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) тиісті аумақта өз құзыреті шегінде реттелетін салада мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау;

3) жобаларды мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптауға қатысу және жүргізу, оның нәтижелері бойынша, сондай-ақ тексеру және (немесе) профилактикалық бақылау нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

4) өз құзыретінің шегінде лицензиаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) реттелетін салада мемлекеттік қызметтерді көрсету, рұқсат беру құжаттарын беру, олардың қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан айыру (кері қайтару);

6) медициналық көрсетілетін көмектің деңгейі мен сапасына азаматтардың қанағаттанушылық дәрежесін айқындау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

8) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

9) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық қызметтерді көрсету саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі заттардың, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

10) дәстүрлі медицина, халық медицинасы (емшілік) қызметтерін көрсету субъектілерінің қызметін бақылау;

11) медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына сырттай сараптама жүргізу;

12) өз құзыретінің шегінде мониторингті жүзеге асыру;

13) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау бойынша монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуге қатысу;

14) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асыру;

15) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

16) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

17) шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халық тұрмысының ерекше шарттары бар шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу;

18) "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру рәсімдерін лицензиялауды жүзеге асыру және хабарламаларды қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

20) адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

21) тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

22) республиканың аумағын инфекциялық, паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

23) тиісті аумаққа инфекциялық, паразиттік аурулардың, сондай-ақ адамның денсаулығы үшін әлеуетті қауіпті заттар мен өнімдердің әкелінуі мен таралуын болдырмау мақсатында автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-эпидемияға қарсы (санитариялық-профилактикалық) іс-шараларды, халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіретін жолаушыларды, экипаждарды, пойыз бригадаларын, көлік құралдарын, жүктерді санитариялық-карантиндік бақылауды ұйымдастыру және өткізу;

24) тиісті аумақта йод тапшылығы ауруларының профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

25) тиісті аумақта инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру;

26) тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

27) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, үйлестіру және жүзеге асыру;

28) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру;

29) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды тұлғаларды, заңды тұлғалардың заңды өкілдерін шақыру;

30) балалар тағамы өнімдерін, тағамдық және тағамға биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

31) инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуының әлеуетті көздері болып табылатын, сондай-ақ инфекциялық аурумен ауыратын науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарды зертханалық тексеру нәтижелерін алғанға дейін жұмыстан шеттете отырып, оларды медициналық тексеруге жіберу;

32) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды көрсетімдері бойынша емделуге жатқызуға жіберу;

33) ауру таралмаған немесе аурудың таралу деңгейі төмен аумақты немесе оның бөлігін айқындау;

34) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттелетін салада тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында бақылауды жүзеге асыру;

35) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында радиациялық бақылауды жүзеге асыру;

36) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, халықтың декреттелген топтарына жататын, сондай-ақ міндетті медициналық тексеруден уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан уақытша шеттету туралы қаулы қабылдау;

37) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді бұзушылықтар жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе реконструкцияланып жатқан объектілерді пайдалануды тоқтата тұру;

38) халықты міндетті түрде вакцинациялауды, үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

39) санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемін белгілеу және өзгерту;

40) реттелетін саладағы мәселелер бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

41) Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу;

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау салаларында басшылықты жүзеге асыратын, құзыретінің шегінде облыс аумағында реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен

мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, Департаменттің мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070000, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 17-үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау мәселелері бойынша реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) тиісті аумақта реттелетін саладағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) тиісті аумақта өз құзыреті шегінде реттелетін салада мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау;

3) жобаларды мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптауға қатысу және жүргізу, оның нәтижелері бойынша, сондай-ақ тексеру және (немесе) профилактикалық бақылау нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

4) өз құзыретінің шегінде лицензиаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) реттелетін салада мемлекеттік қызметтерді көрсету, рұқсат беру құжаттарын беру, олардың қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан айыру (кері қайтару);

6) медициналық көрсетілетін көмектің деңгейі мен сапасына азаматтардың қанағаттанушылық дәрежесін айқындау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

8) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

9) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық қызметтерді көрсету саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі заттардың, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

10) дәстүрлі медицина, халық медицинасы (емшілік) қызметтерін көрсету субъектілерінің қызметін бақылау;

11) медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына сырттай сараптама жүргізу;

12) өз құзыретінің шегінде мониторингті жүзеге асыру;

13) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау бойынша монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуге қатысу;

14) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асыру;

15) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

16) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

17) шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халық тұрмысының ерекше шарттары бар шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу;

18) "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру рәсімдерін лицензиялауды жүзеге асыру және хабарламаларды қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

20) адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

21) тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

22) республиканың аумағын инфекциялық, паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

23) тиісті аумаққа инфекциялық, паразиттік аурулардың, сондай-ақ адамның денсаулығы үшін әлеуетті қауіпті заттар мен өнімдердің әкелінуі мен таралуын болдырмау мақсатында автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-эпидемияға қарсы (санитариялық-профилактикалық) іс-шараларды, халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіретін жолаушыларды, экипаждарды, пойыз бригадаларын, көлік құралдарын, жүктерді санитариялық-карантиндік бақылауды ұйымдастыру және өткізу;

24) тиісті аумақта йод тапшылығы ауруларының профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

25) тиісті аумақта инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру;

26) тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

27) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, үйлестіру және жүзеге асыру;

28) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру;

29) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды тұлғаларды, заңды тұлғалардың заңды өкілдерін шақыру;

30) балалар тағамы өнімдерін, тағамдық және тағамға биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

31) инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуының әлеуетті көздері болып табылатын, сондай-ақ инфекциялық аурумен ауыратын науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарды зертханалық тексеру нәтижелерін алғанға дейін жұмыстан шеттете отырып, оларды медициналық тексеруге жіберу;

32) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды көрсетімдері бойынша емделуге жатқызуға жіберу;

33) ауру таралмаған немесе аурудың таралу деңгейі төмен аумақты немесе оның бөлігін айқындау;

34) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттелетін салада тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында бақылауды жүзеге асыру;

35) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында радиациялық бақылауды жүзеге асыру;

36) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, халықтың декреттелген топтарына жататын, сондай-ақ міндетті медициналық тексеруден уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан уақытша шеттету туралы қаулы қабылдау;

37) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді бұзушылықтар

жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе реконструкцияланып жатқан объектілерді пайдалануды тоқтата тұру;

38) халықты міндетті түрде вакцинациялауды, үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

39) санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемін белгілеу және өзгерту;

40) реттелетін саладағы мәселелер бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

41) Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу;

42) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, қарау;

43) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуына тергеп-тексеру жүргізу;

44) санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттаманың жобаларын; санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бере отырып, Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), оның айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), оның айналымы, кәдеге жарату және жою кезінде пайдаланылатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігін келісу;

45) құзыретінің шегінде мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

46) Департаменттің аумақтық басқармаларының қызметін үйлестіру және бақылау;

47) аккредиттеу стандарттарына ұйымдар қызметінің сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдарды аккредиттеуді ұйымдастыруға қатысу және өткізу;

48) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

49) тиісті аумақта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету;

50) құзыретінің шегінде реттелетін саладағы құжаттарды және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

51) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалар мен стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

52) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

53) тиісті аумақта денсаулық сақтау ұйымдарының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін үйлестіру;

54) тиісті аумақта құзыретінің шегінде өнімге, тауарларға, процестерге, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекеттік және халықаралық стандарттардың жобаларын, жобалау нормаларын келісу;

55) өз құзыретінің шегінде тамақтан уланулар, инфекциялық, паразиттік және басқа да аурулар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

56) реттелетін салада кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар енгізу;

57) Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін тәртіппен шектеу іс-шараларын, оның ішінде жекелеген объектілерде карантин белгілеу;

58) салауатты өмір салтын қалыптастыруды және салауатты тамақтануды ұйымдастыру;

59) реттелетін салада түсіндіру жұмысын ұйымдастыру;

60) заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) реттелетін саладағы мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан заңнамада белгіленген тәртіппен ақпарат сұрату және алу;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

3) реттелетін салада құзыретінің шегінде аумақтық бөлімшелерге, жеке және заңды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

5) өз құзыретінің шегінде консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын (жұмыс топтарын) құру;

6) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

8) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды тарту;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

11) дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы бағдарламаларды әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Басшы жүзеге асырады, ол Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

3) Департамент қызметкерлерінің міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды, сондай-ақ Департаменттің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарды бекітеді;

4) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтарға қол қояды;

5) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Департаменттің басшысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Абай аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Алтай ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Үржар аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

19. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Шемонаиха аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 8 мамырдағы
№ 207 бұйрығына
19-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау салаларында басшылықты жүзеге асыратын, құзыретінің шегінде облыс аумағында реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан

Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, Департаменттің мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 160011, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Д. Кунаев көшесі, 27-үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар

мен медициналық бұйымдардың айналысы, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау мәселелері бойынша реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) тиісті аумақта реттелетін саладағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) тиісті аумақта өз құзыреті шегінде реттелетін салада мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау;

3) жобаларды мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптауға қатысу және жүргізу, оның нәтижелері бойынша, сондай-ақ тексеру және (немесе) профилактикалық бақылау нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

4) өз құзыретінің шегінде лицензиаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) реттелетін салада мемлекеттік қызметтерді көрсету, рұқсат беру құжаттарын беру, олардың қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан айыру (кері қайтару);

6) медициналық көрсетілетін көмектің деңгейі мен сапасына азаматтардың қанағаттанушылық дәрежесін айқындау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

8) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

9) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық қызметтерді көрсету саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі заттардың, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

10) дәстүрлі медицина, халық медицинасы (емшілік) қызметтерін көрсету субъектілерінің қызметін бақылау;

11) медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына сырттай сараптама жүргізу;

12) өз құзыретінің шегінде мониторингті жүзеге асыру;

13) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау бойынша монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуге қатысу;

14) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асыру;

15) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

16) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

17) шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халық тұрмысының ерекше шарттары бар шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу;

18) "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру рәсімдерін лицензиялауды жүзеге асыру және хабарламаларды қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

20) адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

21) тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

22) республиканың аумағын инфекциялық, паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

23) тиісті аумаққа инфекциялық, паразиттік аурулардың, сондай-ақ адамның денсаулығы үшін әлеуетті қауіпті заттар мен өнімдердің әкелінуі мен таралуын болдырмау мақсатында автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-эпидемияға қарсы (санитариялық-профилактикалық) іс-шараларды, халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіретін жолаушыларды, экипаждарды, пойыз бригадаларын, көлік құралдарын, жүктерді санитариялық-карантиндік бақылауды ұйымдастыру және өткізу;

24) тиісті аумақта йод тапшылығы ауруларының профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

25) тиісті аумақта инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру;

26) тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

27) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, үйлестіру және жүзеге асыру;

28) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру;

29) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды тұлғаларды, заңды тұлғалардың заңды өкілдерін шақыру;

30) балалар тағамы өнімдерін, тағамдық және тағамға биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

31) инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуының әлеуетті көздері болып табылатын, сондай-ақ инфекциялық аурумен ауыратын науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарды зертханалық тексеру нәтижелерін алғанға дейін жұмыстан шеттете отырып, оларды медициналық тексеруге жіберу;

32) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды көрсетімдері бойынша емделуге жатқызуға жіберу;

33) ауру таралмаған немесе аурудың таралу деңгейі төмен аумақты немесе оның бөлігін айқындау;

34) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттелетін салада тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында бақылауды жүзеге асыру;

35) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында радиациялық бақылауды жүзеге асыру;

36) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, халықтың декреттелген топтарына жататын, сондай-ақ міндетті медициналық

тексеруден уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан уақытша шеттету туралы қаулы қабылдау;

37) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді бұзушылықтар жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе реконструкцияланып жатқан объектілерді пайдалануды тоқтата тұру;

38) халықты міндетті түрде вакцинациялауды, үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

39) санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемін белгілеу және өзгерту;

40) реттелетін саладағы мәселелер бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

41) Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу;

42) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, қарау;

43) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуына тергеп-тексеру жүргізу;

44) санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттаманың жобаларын; санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бере отырып, Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), оның айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), оның айналымы, кәдеге жарату және жою кезінде пайдаланылатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігін келісу;

45) құзыретінің шегінде мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

46) Департаменттің аумақтық басқармаларының қызметін үйлестіру және бақылау;

47) аккредиттеу стандарттарына ұйымдар қызметінің сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдарды аккредиттеуді ұйымдастыруға қатысу және өткізу;

48) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

49) тиісті аумақта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету;

50) құзыретінің шегінде реттелетін саладағы құжаттарды және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

51) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалар мен стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

52) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

53) тиісті аумақта денсаулық сақтау ұйымдарының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін үйлестіру;

54) тиісті аумақта құзыретінің шегінде өнімге, тауарларға, процестерге, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекеттік және халықаралық стандарттардың жобаларын, жобалау нормаларын келісу;

55) өз құзыретінің шегінде тамақтан уланулар, инфекциялық, паразиттік және басқа да аурулар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

56) реттелетін салада кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар енгізу;

57) Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін тәртіппен шектеу іс-шараларын, оның ішінде жекелеген объектілерде карантин белгілеу;

58) салауатты өмір салтын қалыптастыруды және салауатты тамақтануды ұйымдастыру;

59) реттелетін салада түсіндіру жұмысын ұйымдастыру;

60) заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) реттелетін саладағы мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан заңнамада белгіленген тәртіппен ақпарат сұрату және алу;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

3) реттелетін салада құзыретінің шегінде аумақтық бөлімшелерге, жеке және заңды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

5) өз құзыретінің шегінде консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын (жұмыс топтарын) құру;

6) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

8) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды тарту;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

11) дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы бағдарламаларды әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Басшы жүзеге асырады, ол Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

3) Департамент қызметкерлерінің міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды, сондай-ақ Департаменттің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарды бекітеді;

4) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтарға қол қояды;

5) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Департаменттің басшысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент

қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шымкент қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Шымкент қаласы Қаратау ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы.